

Шығыс Қазақстан облысы деңсаулық сактау  
басқармасының  
«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАН ОРТАЛЫҒЫ»  
шаруашылық журғызу құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны



Коммунальное государственное предприятие  
на праве хозяйственного ведения  
**«ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ  
ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР КРОВИ»**  
управления здравоохранения Восточно-  
Казахстанской области

		Күні	Қолы
<b>ШҚ ОҚО директорының 25.05.2023 ж. №73 бұйрығымен бекітілген</b>			
Келісілді	Директордың медициналық бөлімі жөніндегі орынбасары ДҚЖБҚ басшысы	Т.Н.Войнова Г.У.Матаева	
Әзірледі	Зан кеңесшісі	Г.Г.Дюсупова	

## **«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚАН ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ КМК – дағы сыйайлас жемқорлыққа қар- сы комплаенс-қызмет туралы ЕРЕЖЕ**

Copyright © бақыланатын күжат

Бұл күжатты "Шығыс Қазақстан облыстық қан орталығы" ШЖҚ КМК басшылығының келісімінсіз көшіруге және/немесе таратуға қатаң тыйым салынады!

Жарамдылық мерзімі: жаңасымен ауысты-  
рылғанға дейін  
8 беттің 1-і

## 1. Жалпы ереже

- 1.1. Осы ереже (бұдан әрі – ереже) ШКО ДСБ "Шығыс Қазақстан облыстық қан орталығы" ШЖҚ КМК (бұдан әрі-ШҚОКО) комплаенс-қызмет "сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі-зан) 16-бабының З-тармағына сәйкес әзірленді, комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын күрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қагидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындауды.
- 1.2. Осы Ереже ШҚОКО-дағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттарын, міндеттерін, қагидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындауды.
- 1.3. ШҚОКО өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Үлгілік ережені ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы ережені бекітеді.
- 1.4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже ШҚОКО – ның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.
- 1.5. ШҚОКО-да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға, оның негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактаудың камтамасыз ету болып табылады.
- 1.6. Бұл ретте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға мұдделердің ықтимал қактығысы ескеріле отырып айқындалады.
- 1.7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға Байқау көзесінің шешімімен айқындалады.
- 1.8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы органға, ШҚОКО лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сактаудың камтамасыз ету кезінде бакылау көзесіне есеп береді тәуелсіз болып табылады.
- 1.9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті орган және оның аумактық бөлімшелері көрсетеді.
- 1.10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын ШҚОКО-ның басқа күрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.
- 1.11. Егер заңда, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Ережеде көздөлмеген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті үйимдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Байқау көзесі бекітеді.

## 2. Ережеде колданылатын терминдер мен анықтамалар

**Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс** – ШҚОКО қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сактаудың камтамасыз ету жөніндегі функция;

**Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау** – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

**Мұдделер қактығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдардың, оларға тәсестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудауына және (немесе) тиісінше орындаудауына алып келуі мүмкін;

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа карсы кіналі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қымыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі үәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумактық болімшелері.

### **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

- 3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты ШҚОҚО мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болыш табылады.
- 3.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:
  - 1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу қуралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
  - 2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
  - 3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі қамтамасыз ету;
  - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
  - 5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 3.3. ШҚОҚО сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:
  - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
  - 2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделелілігі;
  - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
  - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
  - 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
  - 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
  - 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың күзыреттерін үнемі арттыру.
- 3.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:
  - 1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

ШҚОҚО – ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымылдың ішкі саясаты;

ШҚОҚО – ның қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі нұсқаулық;

ШҚОҚО мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты; сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамага сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

ШҚОҚО қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін күжат;

корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін күжат;

- 2) ШҚОҚО сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндөуді, қорытууды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 3) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылты 19 қазандығы № 12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі үйлестіреді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және ШҚОҚО – ның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін ШҚОҚО – ның қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;
- 5) ШҚОҚО – да анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;
- 6) ШҚОҚО – да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 7) ШҚОҚО – ның қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
- 8) ШҚОҚО қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 9) ШҚОҚО – ның ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара карым-катаинас мәдениеттің қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тәсістірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауын қамтамасыз етеді;
- 11) ШҚОҚО – ның құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындаудына мониторинг өзірлейді және жүргізеді;
- 12) мұдделер қақтығысын, онын ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісін жұмыска орналастыру, сатып алу және бизнес-процесстер мәселелерін анықтау, мониторингісү және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 13) ШҚОҚО – да сыйлыктар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
- 15) ШҚОҚО – дағы сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы етініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;
- 16) ШҚОҚО сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы езгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

- 17) ШКОКО – ның күрылымдық болімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- 18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша ШКОКО – ның күрылымдық болімшелері мен қызметкерлерінің акпаратын тыңдайды;
- 19) ШКОКО – ның басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәусекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметтің үйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;
- 20) ШКОКО қызметтің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қактығысының туындаудына экеп сокпалайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;
- 21) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жоніндегі үәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, ШКОКО, қогамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-кимыл жасайды;
- 3.5. ШКОКО – ның директорлар кенесінің, байқау кенесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдының шешімімен көрсетілген органдар болмаған жағдайда, ШКОКО – ның басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйакы мөлшерін және сибеккес ақы төлсудің шарттарын айқындаиды.
- 3.6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалудың және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.
- 3.7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша ШКОКО басшысының шешімімен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің күрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.
- 3.8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындаитын құжаттармен айқындалады және оларды ШКОКО – ның басшысы бекітеді.
- 3.9. Комплаенс-қызмет офицері байқау кенесіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің күрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныс ұсынады.
- 3.10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа күрылымдық болімшелеріне, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыреттіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомстволық бағынысты үйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.
- 3.11. Комплаенс-қызмет офицері комплаенс саласындағы үәкілетті органдар мен кәсіби үйымдар откізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.
- 3.12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметтің шенберінде:
- 1) ШКОКО – ның күрылымдық болімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік купияны қурайтын материалдарды сұратады және алады;
  - 2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, ШКОКО – ның басшысына директорлар кенесінің, байқау кенесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдының қарастыруна олардың құзыреттіне жататын мәселелерді шығаруга бастамашылық жасайды;

- 3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;
- 4) ШҚОҚО – ның басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік төрғеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;
- 6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;
- 7) ШҚОҚО – ның қызметкерлерінің ШҚОҚО –да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не ШҚОҚО – да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

**3.13. Өз қызметтің жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:**

- 1) ШҚОҚО және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, күпиялыштың сақтайды;
- 2) ШҚОҚО – да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл маселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың күпиялыштың қамтамасыз етеді;
- 3) ШҚОҚО –ның директорлар кенесін, байқау кенесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдын, ал көрсетілген органдар болмagan жағдайда, ШҚОҚО –ның басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақытын хабарлар етеді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;
- 5) ШҚОҚО –ның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
- 6) қызметтік және кәсіби әдепті сақтайды.

**1.10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:**

- 1) алдыңғы үш жыл ішінде олар катысқан процестерді тексеруге қатысуға;
- 2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындаған зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген арекетке қатысуға;
- 3) күпия ақпаратты жеке мүдделеге пайдалануға;
- 4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;
- 5) иттихессінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындаған залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілестін қызметтерді пайдалануға;
- 6) мүдделер қақтығысына экелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік төрғеулерге және басқа да іш-шараларға қатысуға болмайды.

**3.16.ШҚОҚО – ның басшылығы:**

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметтің жүзеге асыру үшін тиімді орта күргүға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауга, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметтің әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті

дереккорларға қолжетімділікті) және езге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді коса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, алеуметтік және коммуникациялық дағылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

3.17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің ШҚОҚО –ның құрылымдық белімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы езара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

ШҚОҚО –ның құрылымдық белімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне келесідей жәрдемдеседі:

осы Үлгілік ереженің 14-тармагы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

- 2) анықталған тауекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- 3) туындастырылған мәселелер мен сұрақтарды бірлесіп шешу.

#### 4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

- 4.1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ШҚОҚО – да қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайни сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдегі органдың сұрау салуы бойынша ШҚОҚО – на қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.
- 4.2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдегі органдың сұрау салуы бойынша ШҚОҚО – на қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.
- 4.3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ШҚОҚО – ның директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған езге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмagan жағдайда, ШҚОҚО – ның басшысына мерзімді түрде есеп береді.
- 4.4. ШҚОҚО – ның басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Занының 24-бабы 1-тармагына сәйкес уәкілдегі мемлекеттік органдарға жүгінеді.

#### СІЛТЕМЕЛЕР:

1. "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V КРЗ Заны (2023 жылғы 01 мамырға өзгеріліе отырып).
2. ШҚОҚО – да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтері туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздагы №112 бұйрығы.
3. "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуінде үлгілік кагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы № 12 бұйрығы (2023 жылғы 04 ақпандагы өзгерістермен).

